

БАЙЛАНЫС САЛАСЫН ДАМЫТҚАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Білім – қоғамдық құндылықтың аса маңыздысы. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» делінген. Осы қағидатты негізге ала отырып, жалпы білім беру инфрақұрылымын құру, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы инновациялық технологияларды пайдалану, теория мен тәжірибе, мүдделі тараптардың тең құқылы әріптестігін дамыту Ақтөбе байланыс және электротехника колледжінің Қазақстандағы кәсіптік білім беру кластерін дамытуда қосқан үлесі болып табылады.



Ақтөбе байланыс және электротехника колледжі алғаш рет КСРО Байланыс Министрлігінің 1978 жылы 10 тамызындағы бұйрығымен Ақтөбе байланыс электротехникумы болып құрылып, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің бұйрығымен 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ақтөбе байланыс колледжі» болып аталды. Кейін Ақтөбе облыстық әкімшілігінің 2006 жылғы 11 тамыздағы қаулысымен «Ақтөбе байланыс және электротехника колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді. Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасындағы басым бағыттардың бірі – ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту. Осы бағдарламаны негізге ала отырып колледж кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыруда, бәсекеге қабілетті кәсіби маман дайындауда қыруар жұмыс атқарды. Ақтөбе байланыс және электротехника колледжі қазіргі таңда білім беру

қызметін 7 мамандық бойынша жүзеге асырады. Атап айтсақ, 0901000 Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша); 0906000 «Жылу электрстанцияларының жылумен қамтамасыз ететін қазандығы мен жылу энергетикалық қондырғылары»; 0910000 «Электрлік




және электр механикалық жабдықтар (түрлері бойынша); 1013000 «Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика»; 1306000 «Радиоэлектроника және байланыс» (түрлері бойынша); 1309000 «Оптикалық және электронды құрал-жабдықтар» (түрлері бойынша); 1310000 «Көліктік (көлік түріне қарай) радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану» мамандықтары.

Колледж басқарудың ашықтығы қағидасын, білім беру мекемелері және кәсіби қоғамдастықтармен өзара тиімді және қарқынды халықаралық ынтымақтастықты басшылыққа алады. Оқытушылардың ғылыми-педагогикалық біліктілігін арттырудың дамыту жүйесі қалыптасқан, заманауи білім технологияларын енгізу негізінде оқытуда жаңашылдықты қолдайтын, серпінді дамудағы материалдық-техникалық базасы бар, білім саласының нарығына педагогикалық кадрлар даярлауда алдыңғы қатардағы оқу орны.

Колледж саясатының мақсаты – мамандар даярлау сапасын қамтамасыз етуде оқытудың заманауи технологиялары арқылы оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру, педагогикалық құрамның кәсіби әлеуетін көтеру, еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, өз мамандығы бойынша кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мамандар даярлау, колледж қызметінің барлық бағыттарын дамыту.

Оқу орны өзінің миссиясы мен стратегиясына сәйкес білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын мақсат пен міндеттер қойды. Колледж стратегиясы білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға байланысты оқу орнының басым және әлсіз жақтарын, мүмкіндігі мен сыртқы қатерді есепке ала отырып тұрақты дамытуға бағытталған. Колледждің сапалы білім беру қызметінің мақсаты – еңбек нарығын бәсекеге қабілетті және жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету. Сонымен бірге сапаны қамтамасыз ету саласында кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан, жеке тұлға ретінде рухани дамыған, сыни ойлауға қабілетті, болашақ маман ретінде жауапкершілікті сезінетін, ұжымға



тез бейімделгіш, бәсекелестік жағдайында еңбек етуге дайын кадрлар даярлау қағидалары ескерілді. Ақтөбе байланыс және электротехника колледжі 2015 жылы техникалық-кәсіптік білім берудің арнайы пәндерінен оқулықтар мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтар жинағын жазып, құрастырудағы белсенділігі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды. 2016 жылы ғылыми-техникалық шығармашылық және робот техникасы бойынша Алматы қаласының ашық чемпионатына белсенді қатысқаны үшін Алматы қаласы Білім басқармасының Мадақтамасымен марапатталды. 2017 жылы Креативті робот-жобалар облыстық байқауында үздік ғылыми-техникалық жұмысын ұсынғаны үшін «Өрлеу» БАҰО АҚФ Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты орталығының I дәрежелі Дипломымен марапатталды. 2017 жылы

Ұлттық Одақ бизнес рейтинг президентінің Ұлттық сертификатымен марапатталды.

Міне, осындай жауапты жұмысты жұмыла көтеріп, жан дүниесімен сүйсіне қызмет етіп жүрген білім алушыларды қалайша мақтан тұтпайсың?!

Егеменді еліміздің қарқынды дамуына, өркендеп өсуіне өз үлестерін қосып келе жатқан байланысшы мамандықтары әрдайым сұранысқа ие.

Бүгінгі таңда жанандық дамуды коммуникациясыз, байланыс және ақпараттандырудың елестету мүмкін емес. Ақпараттандырудың дамуы жаһандану тенденциясының өте жылдам қарқынмен дамуына әсер етті. Осы саланың дамуының салдарынан көптеген байланыс мамандықтарына деген сұраныс қатты артты.

«XXI ғасырда медиа саласы әлемдегі оқиғаларды таратушы болып қана қоймай, көбіне оның жекелеген елдерде және тұтас әлемде қалай өрістеп отырғанын айқындайтын жетекші күшке айналды», – деп ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев айтқандай, қазіргі уақытта ақпарат тарату саласы өте маңызды. Сондықтан байланыс саласын дамытқан білім ордасына жас түлектерді шақырамыз.

С. КОРЫКБАЕВ,
Ақтөбе байланыс және электротехника колледжінің директоры



АННОТАЦИЯ ○

Автор статьи рассказывает о вкладе Актюбинского колледжа связи и электротехники в развитие кластера профессионального образования в Казахстане, рассматривает вопросы создания общеобразовательной инфраструктуры, использования инновационных технологий в сфере технического и профессионального образования, теории и практики, развития равноправного партнерства заинтересованных сторон, устойчивого развития учебного заведения с учетом его приоритетных и слабых сторон, возможностей и внешних угроз.